



Жан сүлүлүк





М. С. ГОРБАЧЕВ:

Болашақ көбіне-көп, біздің бүгінгі таңда қандай жастарды тәрбиелеп жатқанымызбен айқындалады. Бұл бүкіл партияның, бүкіл халықтың міндеті. Бұл Ленин комсомолының ең маңызды, түбірлі міндеті. Біздің жастар еңбекқор, олар ерлік пен жанқиярлыққа әзір, социализмге берілген. Бірақ аға ұрпақтардың борышы сондай — ізбасарлар одан сайын ақылды, қабілетті, білімдірек болуы үшін, ол Ұлы Октябрь өсиет еткен әділеттілік пен бостандық мұраттарының эстафетасын болашаққа лайықты түрде апару үшін қажет нәрсенің бәрін істеу.

(Совет Одағы Коммунистік партиясының XXVII съезіне КПСС Орталық Комитетінің Саяси баяндамасынан).



ОЙ ҰШҚЫНДАРЫ

Адам өмірінің биік шыңы — жастық.

Гете

Мінез деген — адам қабілетін жетілдіретін ғажайып күш.

К. Фишер

Құлақ асқыш кісі көңілге тоқығыш келеді.

С. Джонсон

Ойдың ең күрделі жұмысы үздіксіз жүріп жатады: мен дұрыс өмір сүріп жатырмын ба деп, өзімді-өзім тексеремін...

Н. Толстой

Жігер жоқ жерде, жол да жоқ.

Бернард Шоу

Талантты әрі еңбек сүйгіш жанға тосқауыл жоқ.

Л. Бетховен

Көп сөз — қола, аз сөз — алтын.

М. Әуезов

Бағбан ең жақсы көретін жеміс ағашын қандай мәпелеп өсіретін болса, адамдарға да сондай қамқорлық көрсетіп, көңіл бөле тәрбиелеп өсіру керек.

А. С. Макаренко

Деніңіз сау болу үшін азап шегу керек. Организм сіздің азап шеккеңізді жүз еселеп қайтарады.

Н. М. Амосов

Парасаттылық өлімді ойлауда емес, өмірді ойлауда.

Б. Спиноза

Біліміден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.

Абай

Адамшылық дәстүрін бойыңа сіңірейін десең —
кіші пейіл бол.

Ә. Науаи

Жан сұлулығы

МЕКТЕП 1987

Құрастырған *Жанат Елшібеков*

Пікір жазғандар: *Е. Әкімқұлов, С. Бақтыгереев*

Жастар біздің болашағымыз, ертеңгі өркеніміз. Лениндік бұл қағида қашанда өзінің өміршендігімен құнды. Осы бағаның салмағы уақыт өткен сайын артып, мән-мағынасы бұрынғыдан да биіктей түсетіні аян. Күн тәртібінен түспейтін жастар тәрбиесі туралы мәселе партиямыздың съездерінде, түрлі қаулы-қарарларында әр қырынан сөз болып жүргені белгілі. Сайып келгенде жастар бойында ғылыми дүниетаным, жоғары моральдық-саяси, білімге деген құштарлық, еңбексүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру — бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселе. Қазіргі совет жастары мінезге бай, әкелер дәстүрлеріне адал, өз ісінің патриоты, сонынан ерген кейінгі жеткіншектерге үлгі-өнеге көрсетіп жүрген жандар. «Жан сұлулығы» аталатын коллективтік жинаққа жастарымыздың осынау қасиеттерін әр қырынан барынша жарқыратып көрсететін очерктер, мақалалар топтастырылған.

Ж $\frac{4403000000-052}{404(05)-87}$ 278—87

© «Мектеп» баспасы, 1987



Зейнолла Әйтiмов

АЗАМАТТЫҚ ҚАСИЕТ

Қадірмен жасөспiрiм замандас, адам өмiрiндегi қызығы мол жастық шақты бастан өткiзiп жатқан жiгiттер мен қыздар! Бетiн ашқалы отырған осынау кiтап өздерiне арналады. Бұл кiтаптың «Жан сұлулығы» деп аталуы да тегiн емес. Мұның өзi елiмiздiң болашағы болып табылатын жастарға тәң асыл қасиеттердi ой елегiнен өткiзу, сарапқа салу, үлгi етiп ұсыну талабынан туған. Жан сұлулығы адамның сана-сезiм, ақыл-ой дәрежесiнiң өсуiмен дүние танудағы қабiлетiмен, парасатты әрi зерделiлiгiмен өлшенедi. Ал бұл үшiн бiлiм керек, бiлiмдiлiк керек.

Осы орайда ұлы көсемiмiз Владимир Ильич Лениннiң Коммунистiк Жастар Одағының Бүкiлроссиялық үшiншi съезiнде айтқан аталы сөздерiн еске түсiрейiкшi. Өйткенi, жылдар жаңарып, ұрпақтар өзгерген сайын осынау ұлағатты өсиеттiң мән-мағынасы арта бермек. Бәрiне мәлiм, ұлы көсем сол сөзiнде жастар одағы және жалпы алғанда коммунизмге өткiсi келетiн жастардың бәрi коммунизмдi үйренуi керек деген мiндет қоя отырып, сонымен бiрге бұл жөнiндегi сыңаржақ түсiнiктерден сақтандырған болатын. ...«Егер коммунизмдi үйрену,— дедi В. И. Ленин,— коммунистiк еңбектерде, кiтаптар мен кiтапшаларда жазылғандарды тек ұғып алу ғана болса, онда бiзде коммунистiк жаттампаздар немесе мақтаншақтар тым оңай пайда болар едi, ал мұның өзi бiзге ылғи зиян және залал болып шығар едi, өйткенi мұндай адамдар коммунистiк кiтаптар мен кiтапшаларда жазылғандарды үйренiп, жаттап алса да, сол бiлiмдердiң бәрiн ұштастыра алмас едi және коммунизмнiң шын талап еткенiндей қимыл жасай алмас едi»¹.

¹ Ленин В. И. Шығармалар толық жинағы. 41-том, 328-329-б

Ұлы көсемнің сондағы айтқан мына сөздері нақылдың інжу-маржанына айналып, әр жүрекке ұялаулы емес пе: «Адамзат жасап шығарған байлықтың бәрін білу арқылы өзіңнің ой-өрісінді байытқанда ғана коммунист бола аласың»¹. «...Сіздердің алдарыңызда,— деді В. И. Ленин,— құрылыс міндеті тұр, ал сіздер — бүкіл осы заманғы білімді меңгергенде ғана, коммунизмді жаттап алған даяр формулалардан, кеңестерден, рецептерден, нұсқаулардан, программалардан өздеріңіздің тікелей жұмыстарыңызды біріктіретін нақты іске айналдыра білгенде ғана, коммунизмді өздеріңіздің практикалық жұмыстарыңызда жетекші құралға айналдырғанда ғана — бұл міндетті шеше аласыздар»².

Еліміздің жалынды жастық шағының құрдастары — шайқастардан кейін винтовкаларын тастап үлгермей комсомолдың Үшінші съезіне келген аға ұрпақ өкілдері Ильичтің әрбір сөзін ынтызарлықпен тыңдағанын білеміз. Бұл сөздермен социалистік экономиканың іргесін қалаған алғашқы бесжылдықтардың қаһармандары да, Ұлы Отан соғысы жылдарында қанқұйлы фашистермен кескілесе айқасқандар да, тың және тыңайған жерлерді ерлікпен игерушілер де, еліміздің көсегесін көгерткен алып құрылыстарды тұрғызғандар да рухтанған.

Сөйтіп, совет жастары аға ұрпақтар ісін әр кезеңде абыроймен жалғастырып отырды. Олар туысқан Коммунистік партияның шақыруына қолма-қол үн қосып, еліміз үшін маңызы аса зор саяси және шаруашылық міндеттерді ойдағыдай шешуге қажырлықпен ат салысып келеді. Миллиондаған жігіттер мен қыздар өздерінің дағдылы жұмысы арқылы жастық даңқының шежіресіне жарқын беттер қосуда. Олар Байкал-Амур магистралын, Уренгой — Помари — Ужгород газ құбырын салуға, Россияның қара-топырақсыз аймағын түлетуге, тың, Сібірдің, Қиыр Шығыстың, Қиыр Солтүстіктің байлықтарын игеруге, Азық-түлік және Энергетика программаларын жүзеге асыруға зор үлес қосуда. Бүгінгі таңда жастарымыздың күш-жігері туысқан Коммунистік партияның тарихи XXVII съезінің шешімдеріне сәйкес әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдетуге, қоғамдық өндірісті интенсификациялауға, ғылыми-техникалық прогресті комплексті автоматтандыруды, электрониканы, атом энергетикасын өрістетуге, материалдардың,

¹ Ленин В. И. Шығармалар толық жинағы, 41-т., 332-б.

² Бұл да сонда 335-б.

техниканың және технологияның жаңа түрлерін енгізуге, экономикалық ақыл-ойды барынша тереңдетуге бағытталып отыр.

Коммунистік партия жастар қозғалысына басшылықты социалистік қоғамда ұрпақтардың революциялық сабақтастығының ең басты және аса маңызды кепілі, комсомолдың идеялылығы, жауынгерлілігі, творчестволық белсенділігі деп біледі. Жастарға деген әкелік қамқорлықтан туған КПСС Орталық Комитетінің «Комсомолға партиялық басшылықты одан әрі жалғастыру және жастарға коммунистік тәрбие беруде оның ролін арттыру туралы» (1984 ж.) белгілі қаулысы бұл саладағы келелі міндеттерді жан-жақты тұжырымдаған-ды.

Партия жас адамдардың бойында маркстік-лениндік дүниетанымды, таптық сана-сезімді, буржуазиялық идеологияға, элеуметтік әділет идеясына қайшы келетін нәрсенің бәріне ымырасыздықты табанды түрде қалыптастыруды мегзейді. Өйткені, социализмге дұшпан күштердің идеологиялық шабуылының басты нысанасы — жастар. Сондықтан жігіттер мен қыздар социалистік қоғамға жабылған жала атаулыға тойтарыс беруге әзір, әрі қырағы болуға тиіс. Буржуазиялық идеологияның реакциялық мәні ашылып, социализм дүниесінің жетістіктерін бұрмалаушылық батыл әшкереленуі қажет. Сонымен бірге жастардың кейбір бөлігінің арасындағы енжарлық, өзімшілдік, тәртіпсіздік және басқа да лайықсыз көріністерге ешбір төзуге болмайды.

Жаңа бетбұрыс кезеңіне аяқ басқан біздің елімізде адам белгілі бір білім жиынтығының иесі ғана емес, ең алдымен, социалистік қоғамның азаматы, өзіне тән идеялық қағидалары, моралы мен мүдделері, еңбек ету мен мінез-құлықтың жоғары мәдениеті бар коммунизмнің белсенді құрылысшысы. Совет адамдарының жаңа ұрпақтарының идеялылығын, білімділігін және кәсіптік даярлығын арттыруды партия социалистік демократияны тереңдетудің, бұқараның өндірісті, мемлекеттік және қоғамдық істерді атқаруға барған сайын неғұрлым кеңінен қатысуының маңызды алғышарты деп санайды.

Асылында, социалистік қоғам жігіттер мен қыздардың білім алып жан-жақты және үйлесімді жетілуіне шексіз мүмкіндіктер туғызды. Олардың даярлығы мол білікті маман болып шығуы үшін, маркстік-лениндік теорияны, дүниежүзілік мәдениет байлықтарын, кәсіптік шеберлікті творчестволықпен терең меңгеруі үшін

Социалистік еңбек қоғамымыздың гуманистік, адамгершілік сипатын жан-жақты ашып көрсетеді. СССР Конституциясында Совет Одағының азаматтары еңбек етуге, яғни еңбектің саны мен сапасына қарай және мемлекет белгілеген ең төмен мөлшерден кем болмайтын, ақы төленетін, кепілді жұмыс алуға праволы, оның ішінде бейіміне, қабілетіне, кәсіптік даярлығына, біліміне қарай және қоғамдық қажеттерді ескере отырып, мамандықты, кәсіп түрі мен жұмыс түрін таңдап алуға праволы екені айтылады. Мұның өзі социалистік шаруашылық системасы арқылы, өндіргіш күштердің ұдайы өсуі, тегін кәсіптік оқу, еңбек мамандығының дәрежесін арттыру және жаңа мамандықтарға үйрету, кәсіптік бағдар және жұмысқа орналастыру жүйелерін дамыту арқылы қамтамасыз етіледі. Алтын әріппен жазылған осынау тұжырымда адамға деген қамқорлыққа толы қандай терең мағына жатыр десеңізші!

Әрине еңбек ету правосы азаматтардың міндеттерімен іштей қабысатыны заңды. Атап айтқанда, еңбек тәртібін мұқият сақтау, қоғамдық борышқа адал болу, социалистік өмір ережелерін бұлжытпай орындау міндеттері тұрады.

Әр нәрсенің шама-шарқы, шығар шыңы салыстыру арқылы айқындалады ғой. Айталық, біздің елімізде халық шаруашылығының кейбір салаларында жұмысшы күшінің жетпей жататыны құпия емес. Мұның өзі, біріншіден, елеулі қиыншылық тудырса, ал екінші жағынан қарағанда, мұны советтік системаның артықшылығы деуге болар еді.. Неге десеңіз, советтік экономикамыздың — біртұтас халық шаруашылық комплексінің ауқымы мейлінше кең, телегей теңіз. Өткен соғыстың зардабы салдарынан халық шаруашылығына келетін жұмысшы легінің толастап отырғаны да рас. Соның өзінде артықшылық дейтініміз: совет адамы ешқашанда жұмыссыз қалмайтынына кәміл сенеді. Жұмыссыздық дегеніміз — болашағы жоқ, дәурені өтіп бара жатқан капиталистік дүниеге тән. Бұл жөнінде сол дүниенің «дүлділі» саналатын Америка Құрама Штаттарында он бес миллионға жуық адамның толық және жартылай жұмыссыз жүргенін айтса да жеткілікті.

Партиямыздың XXVII съезі қабылдаған КПСС Программасының жаңа редакциясында былай делінген: «Партия еңбектің творчестволық мазмұны мен коллективтік сипатын күшейтуге, оның мәдениетін арттыруға,

қоғам игілігі үшін істелген жоғары білікті және жоғары өнімді жұмысты көтермелеуге ерекше мән береді. Осының бәрі еңбекті бірте-бірте әрбір совет адамының ең бірінші өмірлік қажетіне айналдыруға жағдай жасайтын болады¹.

Еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуының он екінші бесжылдыққа және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарында асқаралы асулар мен биік белестер белгіленді. Айналасы он бес жыл ішінде еліміздің өндірістік потенциалы мен ұлттық табысын сапалық жана негізде екі есе өсіру міндеті тұр. Партия мен халық жүзеге асырып жатқан жеделдету қайта құру шаралары сондай шырқау шыңдарды көздейді. Мұның өзі қоғам өмірінің барлық жақтарын қамтып, әрбір адамға, оның білімі мен кәсіби даярлығына жоғары талаптар қояды. Демек, болашақ маман осы жауапкершілікті сезініп, еңбекке икемділігін арттыруға, терең білім алуға тиіс. Жаңа тұрпатты маман ой-өрісі кең, осы заманғы өндірістің негіздерін жетік білетін, неғұрлым күрделі механизмдер мен технологиялық процестерді тез де ұтымды игеруге қабілетті болуы шарт.

Қоғамымыздың табиғатында әрбір еңбек адамының жетістігі өзі жұмыс істейтін өндірістік коллективпен күнбе-күн тығыз байланыста екені ақиқат. Сондықтан да ол коллектив алдында жауапкер. Өйткені, адамның жан сұлулығының өзі еңбек ететін коллективтегі жолдастарымен қарым-қатынасынан, адалдығынан, қайырымдылығынан әрі кемшілікке төзбейтін принципшілдігінен көрінеді ғой. Еңбек коллективі — социалистік қоғамымыздың негізгі ұясы. Осыған орай «Еңбек коллективтері және кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды басқаруда олардың ролін арттыру туралы» СССР Заңының маңызы зор. Онда еңбек коллективтерінде бірлескен еңбек жолдастық ынтымақтастық пен өзара көмек негізінде жүзеге асырылатыны, мемлекеттің қоғамдық және жеке мүдделердің бірлігі қамтамасыз етілетіні, әркімнің коллектив алдындағы және коллективтің әрбір қызметкер үшін жауапкершілік принципі орнықтырылатыны айтылған.

Еңбек коллективі — нағыз өмір мектебі, ол жас мамандарға теңдесі жоқ әлеуметтік-саяси және идеялық-тәрбие ықпалын жасайды. Мұнда олар шынайы коллек-

¹ Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасы, 44-б.

тивизмге, ұйымшылдыққа, тәртіпке, еңбекке саналы және адал қарауға үйренеді. Біздің әрбір ісімізде коллектив туралы, жаппай жеңіске жету туралы, жаппай сәттілік туралы пиғыл жатуы тиіс» екенін аса көрнекті педагог-жазушы А. С. Макаренко да айтқан болатын. Міне, коллективизм рухының биік мәртебесін осылайша тануымыз керек. КПСС Программасының жаңа редакциясында тұжырымдалған коллективистік мораль өзіміздікпен, менмендікпен және пайдакүнемдікпен сыйыспайды, ол жалпыхалықтық, коллективтік және жеке мүдделерді ұштастыруды көздейді.

Бұл жерде жастар арасында бой көрсетіп жүрген кейбір жағымсыз көріністерді де елемей кетуге ешбір болмайды. Қайсыбір жас адамдар СССР Конституциясында жазылған негізгі праволарын жақсы біледі де, ал міндеттерін орындауға келгенде енжарлық, саяси аңғалдық жасайды. Студенттік шақта қажымай-талмай терең білім алып, болашақта жақсы маман болып шығуға тырысудың орнына, қалайда жеңіл-желпі оқу орнын бітіріп, пайдалы қызметке орналасуды көздейді. Адам бойында тұтынушылық психология, қоғамға аз беріп, көп алу пиғылы осыдан барып туады. Ал қолында дипломы болғанымен білімі тайыз, ой-өрісі төмен мұндай «маман» өндіріске барғанда кімді көгертпек?! Бұдан шығатын қорытынды, қоғам алдындағы азаматтық борышты ойдағыдай өтеу үшін, жан сұлулығын қоғамдық еңбекте таныту үшін студенттік шақты мағыналы да мазмұнды өткізу шарт.

...Студенттік кезімізде шығарған қабырға газетінің тұрақты бөлімдерінің бірі — «Арыңды жасыңнан сақта!» деп аталатын. Онда, әдеттегідей, сапалы оқуымен, саналы тәртібімен көзге түскен жігіттер мен қыздар мадақталса, енді бірде оқуға селқос қарайтын, тәртіп бұзған, жағымсыз қылықтар жасаған студенттер сынға алушы еді. Қабырға газетінде жарияланған мұндай материалдардың пәрменділігі де күшті еді. Қарап отырсаң, осы тақырыптың қазір де маңызы ешбір кеміген жоқ.

Арды сақтау деген мейлінше кең ұғым. Оған жас адамның саналылығы мен мәдениетінің, оның ішінде тұрмыс, мінез-құлық мәдениетінің және тұтыну мәдениетінің ұдайы өсуі де енеді. Оған үлгілі қоғамдық тәртіп те, денсаулық, салауаттылық, дұрыс тамақтануы да, бірге оқитын жолдастарымен шынайы қарым-қаты-

нас жасауы да жатады. Бұл талаптарға бос уақытты адамгершілік-эстетикалық тұрғыда мазмұнды өткізу де кірсе керек. Қысқасы адал еңбек, үлгілі тұрмыс, шынайы қарым-қатынас, кінәратсіз психология — өзінің табиғаты жөнінен социалистік өмір салтына тән нәрсенің бәрі жатады.

ҚПСС Программасында атап көрсетілгендей, коммунистік тәрбие беру жөніндегі жұмысты адамдардың санасындағы және мінез-құлқындағы ескілік сарқыншақтарына, қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларындағы практикалық жұмыстың кемшіліктеріне, толғағы жеткен проблемаларды шешуде кешеуілдеуге байланысты туатын жат идеология мен мораль көріністеріне, барлық теріс құбылыстарға қарсы күрестен бөліп алуға болмайды. Партия еңбек тәртібін, бұзушылықты, талан-таражға салушылық пен паракорлықты, бойкүйездік пен арамтамақтықты, маскүнемдік пен бұзақылықты, жеке меншікшіл психология мен нысапсыздықты, жағымпаздық пен жарамсақтықты дәйекті әрі табанды түрде жоюға бірінші дәрежелі маңыз береді. Осы құбылыстарға қарсы күресу үшін қоғамдық пікірдің беделі мен заңның күшін толық пайдалану ұсынылады.

Партиямыздың тарихи XXVII съезі жоғары және арнаулы орта білім беруді қайта құру міндетін алға қойды. Онда соңғы жылдары мамандар даярлап шығарудың өсуі олардың даярлық сапасының тиісінше артуымен орайласпағаны жоғары мектептің материалдық базасының жөнді нығайтылмағаны, инженер-техник кадрларды пайдалану тәжірибесіндегі кемшіліктер ашық айтылды. Сондай-ақ Қазақстан Компартиясының XVI съезі көптеген мамандарды даярлау сапасы осы заманғы өндіріс пен ғылыми-техникалық прогресс талаптарына сай келмейтініне, студенттер мен оқушылардың бойына дербес және қоғамдық, тәрбиелік жұмыстың, ғылыми ойлау мәдениетінің дағдылары жеткілікті сіңірілмейтініне назар аударғаны белгілі.

Әрине, партия мен үкімет тарапынан жоғары және орта білім берудің құрылымын өзгертуге, тиянақты теориялық білім мен практикалық машығы бар, өскелең талапқа сай мамандар даярлауды қамтамасыз етуге бағытталған нақтылы шаралар жүзеге асырылып жатыр.

Заман талабына сай білгір де іскер маман болып шығу, азаматтық тұлғаны жан-жақты жетілдіру жастардың өзіне тікелей байланысты. Бұл үшін, ең алдымен,

Отан-ананың жас ұрпаққа деген күнбе-күнгі шынайы қамқорлығын жан-тәнімен сезіну, қажымай-талмай оқуға, оқығанды көңілге ықыласпен тоқуға деген таудай талпыныс керек. Егер әркім өзі ізденбесе, өзі талпынбаса, білім қазынасынан тиісті үлесін ала алмай қалуы анық.

Коммунистік партияның алып жоспарлары совет адамдарының түбегейлі мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған. Ал бұл жоспарлар әрбір коллективтің, әрбір совет адамының қажыр-қайраты, табанды күресі арқылы жүзеге аспақ. Жеделдету, қайта құру міндеттерін шешуге жасөркен жастар қауымы да өз үлестерін қосуға борышты. Жан сұлулығы осыдан айқын көрінбек.



Таңатқан Рсаев

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ

Дана халқымыз өмірден түйген тәжірибесін небір мәйекті мақалмен, ойлы ораммен тұжырымдаған ғой. Қай кезде де ұлағатты ғибратын әсте жоғалтпайтын, аясы аса ауқымды сол асыл нақылдардың бірі: «Адам еңбегімен көрікті». Әр сөздің астарына жіті үңілген сайын оның мағынасын да тереңірек зерделейсің. Ілкі сәт «жан сұлулығының өзі — еңбек-ау» деген сезімге бөленері анық. Осы орайда өнегелі істерімен бүгінде көпшілік назарына ілігіп, жақсы бастама ұйтқысы болып отырған Торғай облысының «Ешім» совхозындағы «Пионер бригадасының» екпінді еңбегін қуана ауызға аламыз. Азық-түлік программасына өзіндік үлес қосып жүрген оқушылардың мерейлі істері үлгі тұтарлық-ақ.

Таңертең мал жайлап келген соң шайын ішіп, сәл демалуға қисайғаны сол еді, кіші бөлмеде отырған балалары шу ете түсті:

— Папа, мама, радиодан Қлара сөйлеп жатыр!

— Москвадан, «Пионерская зорькадан» сөйлеп тұр! — деп кенжесі Гуля жүгіріп кірді.

— Не дейді, шырағым-ау? Ей шал, тұрсай, — деп бұл күнде тұлғасы толысып, шау тарта бастаған Мәрия орнынан ошарыла көтеріліп, етжеңді денесі жеңілдеп кеткендей шапшаң қимылмен келесі бөлмеге қарай ұмтылды. Қларасы «радиодан сөйлеп жатыр» дегенді естіген соң, жаратылысында балажан Әбдірахманның да ұйқысы шайдай ашылды. Емпеңдеп балалар бөлмесіне бұл да кірді. Кішкене қызы радиодан тақылдап тұр.

— Мен тыңдағы «Ешім» совхозында тұрамын. Совхозға келген адам біздің үйді бірден жаңылмай табады. Үйіміз үлкен де әсем. Бұл үйді бізге совхоз салып берді. Біздің семьямыз үлкен — он екі адамбыз...

Совхозымыз мал шаруашылығымен айналысады. Ал біздің дружина пионерлерінің барлығы да жасөспірім шопандар. Біз қозы өсіруге көмектесеміз. Қазір қарауымызда бес жүз төл бар...

Шіркін, ата-ана үшін бала қызығынан артық қуаныш барма, ғарышқа самғап, көл-дария көңілдің шарасынан шалқып төгілер сәті ғой бұл! Қызының даусын радио арқылы Москвадан естіп, естері шыға қуанған егде тартқан екі кісіге мәз-мәйрам бала-шағалары қосылып, үй-іші әп-сәтте мәре-сәре болды да қалды.

Әбдірахман мен Мәрия бұл күнде үлкен семья басы. Тұңғышы Әбділманнан кейін дүниеге келген Күләш, Рәш есімді қыздары теңдерін тауып тұрмысқа шыққан, қазір олардың өздері үш-төрт баланың анасы. Ал одан кейінгі Бейсені 1979 жылы күзде Совет Армиясының қатарында міндетті борышын өтеп қайтқан соң екі жыл оқып, Алматыдағы милиция мектебін бітірді. Қазір облыс орталығы — Арқалықта қызмет істейді. Оның да өз семьясы бар. Бұлардан кейін 1962 жылы дүниеге келген егіз қыздары — Айман мен Шолпаны жоғары білімді мұғалім. Шолпаны өткен жылы тұрмысқа шықты. Айман осы өздері тұратын № 3 ферма орталығы — «Монастыркадағы» «Тауасар» сегізжылдық мектебінде ұстаз. Бұлардан кейінгі Розасы Арқалықта, И. Алтынсарын атындағы педагогикалық институтта оқиды, орыс тілі мен әдебиетінің болашақ маманы. Ал енді мына үй ішін керемет қуанышқа бөлеп, радио арқылы бүкіл еліміздегі кішкене құрбыларын мал шаруашылығына қолғабыстарын тигізіп, төл күтіміне көмектесуге шақырып тұрған Қларасы қазір небәрі алтыншы класта оқиды. Сүт кенжесі Гуля мектеп табалдырығын енді ғана аттады. Ата-ана үшін осы балаларының әрқайсысы бір төбе, әрқайсысының Әбдірахман мен Мәрияға сыйлар өз қуанышы бар, оларға артар үміт пен міндет те сан алуан. Баяғыда, бұлар үшін жастық шақтың сона бір таусылмайтын арманға толы шуақты күндері «баяғы» болып барады емес пе, неміс Қарлен Редихтің қызы Мәрия мен қазақ Біргебайдың жалғызы Әбдірахман отау тіккенде тап осындай үлкен семьяның басы болармыз-ау деп әсте ойлап па!

Әбдірахман әуелде ер бала болған соң «шопан таяғын түбі Бейсенім мұра етер» деп үміттеніп еді. Бірақ әскер қатарынан оралған ұлы өзінің тіпті әке ойында жоқ мамандықты қалайтынын айтты. Одан кейінгі қыздары ұрпақ тәрбиешісі — педагогтық жолға түсті. Ал кішкентай күндерінен-ақ өзінің малсақтығын танытқан балаларының ішіндегі ең әлжуазы — Қларасы болды. Ол тәй-тәй басып, тілі шығысымен-ақ әкесінің жаны-

нан екі елі қалмай, тұлымшағы желбіреп, былдырлап қой мен қозы арасында жүретін. Одан берірек келе шешесі Мәрия үйге әкелген ауру немесе жетім қозыларды өзі күте бастады. Кейде оңаша қалғанда жас қошақанмен күнде бірге ойнайтын құрбысындай сөйлесіп, әр нәрсені айтып, сақ-сақ күліп отырған сәбиін көргенде Әбдірахманның бойын ерекше бір жылы сезім билейтін, кішкене қызының анаға тән мейірімділігін танып, қуанатын.

— Амандық болса, менің Қларам нағыз қайырымды азамат боп өседі,— деп масаттанатын әйеліне.

Сол Қларасы оқушылардың 1980 жылғы жазғы демалысында бір топ кластас құрбыларын әке отарына ертіп әкелді.

— Бізге қозы беріңіз.

— Төл күтеміз.

— Біреуін шетінетпейміз. Әлі көресіздер қалай сеірткенімізді!— деп балалар шу-шу етеді.

Әбдірахман әуелде мал бақпақ түгілі өздеріне бақылау керек мына бүлдіршіндей балаларға енесінен әлі ажыратыла қоймаған әлжуаз қозыларды күтімге беруге қауіптенсе де, ақ пейіл, адал ниеттерімен келген оқушылардың, әсіресе соларды ертіп әкеп тұрған өз қызының мәселін қайтара алмаған. «Әкеге сеніп, өзіне сеніп келіп тұр-ау». Сөйтіп кішкентай Қларасы бастаған пионерлер дружинасы алғаш рет күтімге 500 қозы алды. Айтса айтқандай, оқушылар жұмыста керемет ұқыптылық танытты. Қанша дегенмен малды ауылда өскен балалар емес пе, аз күннен кейін-ақ ауыр жұмысқа көндігіп, қозы күтуге әбден машықтанып алды. Мұны көрген әке өзінің құтты таяғын түбі осы Қларасы ұстайтынына енді айқын көз жеткізіп, қызына қой күтімінің сырларын ұғындыра бастап еді.

«Тауасар» сегізжылдық мектебіндегі құрбылары өз отарларынан Қлара Біргебаеваны 1981 жылдың 19-22 майы аралығында Отанымыздың астанасы — Москвада өтетін пионерлердің Бүкілодақтық VIII слетіне аттандырған. Әлгінде радиодан берілген Қлараның сол слетте, кең байтақ еліміздің түкпір-түкпірінен келген құрбылары алдында сөйлеп тұрған кезі.

— Біз үшін қозы күтіп, қой бағу көрмей жүрген бейтаныс жұмыс емес. Жыл сайын қыста төл алуға, жазда қозы күтуге көмек беріп келеміз. Мектебіміздегі пионерлер дружинасының ендігі арманы — «Пионерлер

фермасын» құру,— деді-ау қызы. Залда отырған құрбылары Қазақстаннан келген пионердің осынау батыл талабын қуана қолдайтындықтарын білдіріп, сатырлата ұзақ қол соғып, құрмет көрсетті.

Жас түлектердің осы бір салтанатты қол шапалақтауы Қлараның әкесі, Қазақстанның белгілі шопаны Әбдірахман Біргебаевтың құлағынан дуылдап көпке дейін кетпей қойды. Қызының осынау таудай талабын ойлағанда, оның нәзік пішіні көз алдына келеді де, көңіліне белгісіз бір қорқыныш ұялағандай болады.

— Апырмай, балам-ай, тым жоғарырақ сілтеп жіберген жоқсың-ба?— деп іштей күдіктенеді. Ал кішке не сабыр сақтап, өрепкіген көңілі сабасына түскен сәтте отар мен шаруашылықтың қазіргі жайын ойласа, қызы көптен көкейінде жүрген ойын тап басып тұрғанын сезінеді. Рас, қазір «Ешім» совхозы қой шаруашылығын өркендету жөнінен Қима ауданы тұрсын, бүкіл Торғай облысында алдыңғы қатарда келеді. Совхоз бойынша жыл сайын әр жүз саулықтан орта есеппен 90-нан 107 қозыға дейін алады. Бірақ бұл көрсеткіш әзірге тұрақты емес. Оның басты себебі адам күші жетіспейді де, кейбір шопандар төл алу науқанын созыңқырап жіберіп, туған қозыны шығынға ұшыратып алады. Тіпті кейде қозы ұзақ уақыт бойы енесінен бөлінбейді. Міне, егер совхоздағы әр қой фермасының жанынан Қлара айтқандай «Пионерлер фермасы» құрылса, осы бір аяққа тұсау болып тұрған мәселе шешімін табар еді. Аға шопан енді қызының астанадан оралар күнін асыға күтті.

Қлара Москвадан ауылына мамыр айының аяғында келді.

Алғаш рет астанада болған қызының қуанышында шек жоқ. Мавзолейде болып, Ленин атасын көргенін, съездер Сарайының салтанатын, Кремльді қалай аралағанын айтып тауыса алар емес. Енді бірде, сөз арасында, пионерлер слетінен өзінің «кіші ферма» құруға біржолата бел буып келгенін аңғартты. Жолшыбай аудандық комсомол комитетіне кірген сияқты, ондағы ағалары Қлараның бастамасын толық қуаттапты. Совхоз басшыларымен «Пионерлер фермасының» жайын сөйлесу үшін бір қызметкерін арнайы жіберетін болып-ты. Аудан басшылары да қарсы емес көрінеді.

Көп кешікпей Әбдірахмандікіне осындағы сегізжылдық мектептің директоры Қлара Байбол қызы келді.

Мектеп басшысының ақылдасар әңгімесі барын аңғарған аға шопан ферма меңгерушісі, інісі Рахымжан Әбе-новке бала жүгіртті. !

Енді өмір тәжірибесі мол, оқығандарына тоқығандарын ұштастырған ересек үш кісі кішкентай шәкіртті ортаға алып, болашақ «Пионерлер бригадасын» ұйымдастыру мәселесін талқылауға кірісті. Бірі — ұстаз, бірі — әке, бірі — аға. Осыншама жақын, жанашыр адамдардың өздерін қолдайтынын түсінген Қлара тіпті батылданып кетті.

— Біздің мал бағатын дружинаны «Пионерлер фермасы» немесе «Пионерлер бригадасы» дейсіздер ме, ол жағын өздеріңіз көре жатарсыздар. Ал біз сіздерді ешақытта да ұятқа қалдырмаймыз. Тек бізге сенім білдірсеңіздер болды. Өзі былай да жыл сайын жазғы демалыс кезінде қозы күтіп жүрген жоқпыз ба? Бар айырмашылығы — қарайтын малымыз көбірек болады. Сосын барлық бағу, жемдеу, суару жұмыстарына ересектер араласпайды, өзіміз атқарамыз. Сіздер бізге тек алдымызға мал, оларды жемдейтін алаң, малшы-пионерлер тұратын жеке бөлме, асхана салып беріңіздер. Бұдан артық ештеме сұрамаймыз. Күзде сабақ басталарда қойларыңызды қандай етіп семірткенімізді көрерсіздер сонда!

— Қлара-ау, сонда бұл бастамаңа басқа балалар қалай қарайды? Алдымен солармен келісіп алу керек емес пе?— деп сұрады ферма меңгерушісі.

— Көке-ау, бұл жалғыз менің бастамам емес, Қлара Байбол қызы біледі ғой. Мен пионерлердің Бүкілодақтық слетіне аттанарда біздің дружинаның мүшелері бұл мәселені әбден келісіп алған. Мен слетте сол бәріміздің атымыздан мәлімдеме жасадым. Керек десеңіз, пионерлер бригадасында қанша оқушы, қанша звено болатыны да белгілі. Біз ертең тағы да бас қосамыз. Сонда дружина отырысында жазғы жұмыс жоспарын бекітіп, қай звеноның немен айналысатынын анықтаймыз. Ал бригаданы құрғаннан кейін оның командирін, комиссарын, звено жетекшілерін сайлаймыз,— деп Қлара өздерінің бұл жұмысты шындап қолға алғандықтарын танытты. Кішкене қарындасының слетте берген сөзінен қайтпайтынын және оқушылардың бұл бастамасының игі жұмыс екенін түсінген ферма меңгерушісі:

— Әбеке, директор жолдас, үшеуіміз ертең осы тобымызбен совхоз директорына кірейік. Оған дейін мүмкін

аудан басшыларынан да бір хабар болып қалар. Мұндайда комсомол комитеті де қарап жатпас. Ал өз басым, шынымды айтсам, осы бригаданы құру жағындамын,— деді.

— Бұл бригаданы құрсақ, біз екі өзекті мәселені бір-ақ шешетін сияқтымыз,— деп қостады оны мектеп директоры.— Өздеріңіз білесіздер, қазіргі кезеңде партиямыз мектептің өмірмен байланысын нығайту мәселесін ұрпақ тәрбиесіндегі бағыттың бірі етіп қойып отыр. Түптеп келгенде, өзіміз көп айта беретін кәсіптік бағдар дегеніміз, міне, осыдан басталады. Осы бастан еңбекке етене өскен жас ұрпақтың ертең өмір жолын таңдауы да жеңіл. Бұл бір. Екіншіден...

— Екіншіден, «Пионерлер бригадасының» өндірістік мұқтажымызды өтеуге де әжептәуір себі тиеді демексіз ғой,— деп Әбдірахман мектеп директорының сөзін іліп әкетті.

— Тап солай.

— Расында да, біз соңғы кезде адам қолының тапшылығынан көп зардап көріп жүрміз,— деп аға шопан сөзін жалғастырады. Жақында мен ауылдық совет председателімен әңгімелескенімде мынадай цифрларды сұрап білдім. Қазір совхозымызда екі мың екі жүзден астам адам тұрады екен. Осының мың екі жүзі ғана жұмыскер. Ал совхоз өндірісінің жыл сайын өсіп келе жатқанын ескерсек, жағдайымыз онша кісі қуанарлықтай емес. Осы жағынан алсақ, пионерлер кемі біраз жұмысшының қолын босатқалы отыр. Ендеше бұл бригаданы құру, тіпті, бүгінгі таңда қажет нәрсе.

Әбдірахмандар осы оймен ертеңіне совхоз директоры Бірәлі Нұртазиннің кабинетіне келді.

Директордың кабинетінде совхоздың бас мамандары, партия ұйымының секретары Василий Александрович Шекера, аудандық партия комитетінің секретары Иван Кондратьевич Калиновский отыр екен.

— Міне, өздері де келді,— деді директор Әбдірахман кабинет есігін ашқан соң.— Кіріндер, кіріндер. Жолдарың болады екен. Әлгінде ғана мына Иван Кондратьевич «неге хабар жіберіп алдырмадыңдар» деп отыр еді. Мұндайда Әбекеннің көп күттірмейтінін қайдан білсін. Бірәлі отырғандар қарап, «солай емес пе» дегендей езу тартты.

— Сіздер жоқта «Пионерлер бригадасының» жайын біз де біраз ақылдастық,— деді Нұртазин жаңадан кел-

гендер орындарына жайғасқан соң.— Өздеріңіз білесіздер, мал бағу онша оңай шаруа емес. Совхоздың қыруар малын бүлдіршін балаларға сеніп тапсыра аламыз ба? Тапсырсақ, оларға не қажет, қандай жағдай жасауымыз керек? Әбдірахман, алдымен сен айтшы, осыған не дейсің?

Қолындағы ала кепкасын қоярға жер таппағандай умаждай ұстап Әбдірахман орнынан көтерілді. Оның сөз берген кезде осылай сасқалақтап қалатын әдеті.

— Енді, керек нәрсе ғой,— деп сәл кідірді.— Кеше мына Рахымжан, Қлара Байбол қызы бар, үшеуміз әлгі Қлараны ортаға алып, бұл шаруаны ұзақ сөйлестік.— Шопан көмек күткендей екі жолдасына қарады.

— Балалар әбден бел буып алған,— деді мектеп директоры.

— Қозыларыңызды күзде көресіздер, деп тіпті бізге күш көрсетті,— деп күлді ферма менгерушісі.

Екі жолдасының осы сөздерінен күш алғандай болған Әбдірахман енді шешіле сөйлеп кетті.

— Біреке, өздеріңіз білесіздер, біз қазір адам күшіне зәруміз. Ал пионерлердің бұл игі бастамасы біраз жұмысшының қолын босатады екен. Менімше, оқушыларға биыл етке тапсырылатын, бордақылайтын қозыны бөліп беру керек. Күтімнің нашарлығынан осы қозы жағынан шығын көбірек болып жүр емес пе? Балалардың өздері де еңбекке машықтана береді. Қазір совхозымызда білімді мамандар ғана емес, малшы кадрларды тұрақтандыру мәселесін қолға алып отырған жоқпыз ба?

— Хош, «Пионерлер бригадасын» құру жағында болдың ғой, Әбдірахман,— деді директор оның сөзін бөліп, айналасындағыларға қарап.— Ал сонда, балаларға қандай жағдай жасауымыз қажет?

— Қлараның айтуынша бригадаға шамасы 16-17 пионер жазылған. 7,8 класс оқушылары. Ана жылы Ставрополь өлкесінің шаруашылықтарын аралағанда мал бордақылайтын аландарын қызыға көрген едік қой. Міне, «Пионерлер бригадасына» тап сондай ашық алаңдар салып беру керек. Онда қозылардың жем жейтін, су ішетін бөлек-бөлек орындары болады. Сонан соң, бригада басына екі вагон жеткізу қажет. Бірінде екі бөлме жасалады да, қыздар мен ұлдар бөлек жайғасады. Екіншісінде асхана мен қызыл бұрыш болмақ. Мұ-

ның сыртында балаларға телевизор, музыка аспаптары, спорт құралдары керек...

— Көрдiңiз бе, қаншама шығын?— деп қалды осы тұста бас бухгалтер.— Сол шығынды ақтаса жақсы-ау. Ертең күн ысығанда малына ие бола алмай, бет-бетiне кетiп жүрмесе.

— Шырағым-ау, балалардың бағымындағы малды бет-бетiне жiберiп сонда былайғы жұрт қызық қарап отырады деп пе едiң?— дегенде Әбдiрахманның даусы көтерiңкi шықты. Оларға мал күтiмiн жақсы бiлетiн ұстаз-жетекшi берiлмей ме? Сонан соң осындағылардың ешқайсысының да қоғам малына қастығы жоқ шығар бiр мезгiл көз қырымызды сала жүрмеймiз бе?

— Ал жақсы, «Пионерлер бригадасын» құрдық делiк. Мына Иван Кондратьевич бригадаға тiптi ат та қойып үлгiрдi. «Қарлығаш» деп атасақ дейдi. Сен, Әбдiрахман, осы «Қарлығашқа» өзiң ұстаздық етсең қайтедi?

Бұл Әбдiрахман күтпеген ұсыныс едi. Шынына келсе, қазiр жұмысы бастан асып, қолы әрең тiп жүр. Ол аудандық, облыстық партия комитеттерiнiң мүшесi, облыстық советтiң депутаты. Бұлардың сыртында «Бiргебаевтың озат тәжiрибе мектебi», сақманшылардың жыл сайын өтетiн курсы тағы бар. Осыншама қоғамдық жұмысқа бiр адамның үлгiруi тiптi қиын екен. Сондықтан Әбдiрахман «Пионерлер бригадасы» құрыла қалса, оған ұстаздық етудi басқа адамға тапсырмақ ойы болатын. Сөйтiп, әрi ойлап, берi ойлап Игнат Дутковскийге тоқтаған.

— Мен оқушылар бригадасынан қалайда тыс қала алмаспын. Уақыт тауып, бiлгенiмдi үйретуден қашпаймын ғой. Бiрақ, меңiң байқауымша, балаларға олардың тiлiн тауып, араласып кететiн, жастау адамды бөлгенiмiз дұрыс сияқты. Менiмше, мұндай адам — Игнат Дутковский. Ол да аға шопан, совхозымыздың маңдай алды жұмысшыларының бiрi,— деп Әбдiрахман орнына отырды.

— Әбекең өз орнына iнiсiн ұсынды ғой,— деп күлдi бiр жiгiт.

— Иә, Дутковский дегенi болмаса, ол да Бiргебаев,— деп қостады бұл сөздi Бiрәлi.

Бұл қалжың да болса, жаны бар сөз. Игнат 1961 жылы анасымен екеуi Белоруссиядан осында келдi. Сонда ол он бiр жасар бала едi. Ол кезде совхозда

тұрғын үй тапшылау болатын. Бұларды Әбдірахман өз үйіне кіргізді. Қоғам малы десе ішкен асын жерге қоятын Әбдірахман мен Мәрияның тәрбиесін көрген Игнат жұмыс десе жанып түсетін, елгезек азамат болып өсті. Жұмысқа жағымды, мінезі жайсаң баланы Әбдірахман жатсынбай, туған інісіндей етіп өсірген еді. Ер жете келе Игнат сонысын ақтады да, өзі Совет Армиясының қатарында міндетті борышын өтеуге аттанғанша Біргебаевтар семьясының бір мүшесі ретінде осында тұрған Игнат, әскерден оралған соң да ойланбастан ағасының үйіне қайтып келді. Азамат болып оралған інісін Әбдірахман өз қолынан үйлендіріп, жеке отау етіп шығарды. Игнат та ұяда көргенін істеп, совхоз қандай жұмыс артса да бас тарқан жоқ. Әуелі сиыр бақты. Соңғы бес-алты жылдан бері өз алдына отар алған, қазір совхоздың маңдай алды аға шопандарының бірі. Шынына келсек, қой бағу Игнатқа онша қиындыққа түскен жоқ. Шопан еңбегін, қой күтімін жастайынан көріп өскен жігіт өз алдына отар алған алғашқы жылы-ақ біраз әріптесіне қыр көрсеткен. Енді, міне, Әбдірахман «Қарлығашқа» ұстаздық жасауды сол Игнат Дутковскийге тапсыруды ұсынып отыр. Сондағысы мінезі жайдары көпшіл Игнаттың алаңсыз пейіліне, ерінбейтін еңбекқорлығына, ешкімді жатырқамайтын көпшілдігіне сенгендік. Кейінгі екі-үш жылда озаттар ортасынан берік орын ала бастаған Дутковскийді «Пионерлер бригадасына» ұстаз-жетекші етуге директор да, басқа мамандар да қарсы болған жоқ.

— Ал, «Пионерлер бригадасына» мектептің көзқарасы қандай екен? Оқушылар осы кісілердікі ғой,— деп күнімен әңгімеге араласпай отырған аудандық партия комитетінің секретары Иван Кондратьевич Қалиновский мектеп директорына қарады.

— Біз балалардың бұл бастамасын педсоветте қарадық,— деді Қлара Байбол қызы.— Біздіңше балаларды бетінен қайтармау керек. Олардың қазіргі өздері бастаған істеріне деген сенімдері ғажап. Сол сенімді сөндірмейік. Соңғы кезде біздің көп айта бастаған мектептің өмірмен байланысының бұл нағыз пайдалы, ертең жемісін мол беретін формасы емес пе...

— Жақсы, сіздің де пікіріңіз түсінікті болды,— деді совхоз директоры.— Ал енді осы балаларға мектеп тарапынан қандай көмек көрсете аласыздар?

— Ең алдымен, бригаданың жұмысын біз мектептің

бүкіл оқу тәрбиелік шараларының жоспарлы бір саласы деп қараймыз. Сондықтан оның әр күн, әр аптасы педагогтар бақылауында болады. Ол үшін жаз бойы оқушылармен бірге жұмыс басында жүретін пионервожатыйын бөлеміз.

— Пионервожатый кім болмақ сонда?

— Мектебімізге жақында мына Әбдірахман ағаның Арқалық педагогикалық институтында оқитын Шолпаны өндірістік практикаға келеді. Мал жайын да, пионер жұмысын да жақсы білетін, ыждағатты бала. Бұл жұмысты соған тапсырмақпыз. Жаз бойы бригадада пионер ұйымы жұмыс істейтін болады ғой.

— Тағы қандай көмектеріңіз бар?

— Мектептен көркем әдебиет, спорт жабдықтарын бөлеміз. Ал ондағы пионер ұйымының күнделікті жоспарын, жарыстар өткізуді Шолпанға тапсырамыз.

— Жақсы,— деді директор.— Онда ендігі бар шаруа, Рахымжан, сенде қалды. Көріп отырсың, мал иесі де, бала иесі де қарсы емес. Қалиновский жолдас та аудандық партия комитетінің, комсомол комитетінің атынан бұл жаңалығымызды қолдайтындықтарын білдірді әлгінде. Ертең құрылысшылар бригадасына тапсырма беріледі, жаңа Әбдірахман айтқандай олар ашық алаң әзірлейді. Мұның сыртында балаларға екі вагон бөлінеді. Жайлы төсек-орын, телевизор, радиомен қамтамасыз ет. Қысқасын айтқанда, оқушылар ешнәрседен тапшылық көрмейтін болсын. Ал, іске сәт, жолдастар, «Қарлығаштарың» қанатын тез қатайтып, қалықтап жоғары ұшатын болсын!— деп директор бұл әңгіменің осымен аяқталғанын танытты.

Осыдан тура екі апта өткен соң, 1981 жылдың бірінші июлі күні Әбдірахман Біргебаев болашақ «Пионерлер бригадасының» мүшелерін «Монастырқадан» үш шақырымдай жердегі, Есілдің көк тал көмкерген көрікті түбегіндегі ашық алаңға алып келді. Өзі салтанатты мерекелерге баратындай бар сәнді киімін киіпті. Кеудесінде Ленин ордені, «Октябрь революциясы», «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендері жарқырайды. Көп ұзамай совхоз директоры, Социалистік Еңбек Ері Бірәлі Нұртазин да жетті, омырауында «Орақ пен балға» Алтын медалы жалт-жұлт етеді. Алаң болашақ буын қолына үлкен жұмысты тапсырғалы келген ауыл адамдарына толды да кетті. Сырты жалтыраған екі қызыл вагонның бірінің маңдайшасына орнатылған